

"Тыңайтқыштардың құнын (органикалықтарды қоспағанда) субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 104 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 11 қыркүйектегі № 227 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 қыркүйекте № 5222 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 130 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 15.04.2020 № 130 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 11-бабы 2-тармағының 5-1) тармақшасына сәйкес, "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 11223) бұйрығын іске асыру мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017 жылғы 19 сәуірдегі № 4-4-12/1642-И хаты негізінде Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тыңайтқыштардың құнын (органикалықтарды қоспағанда) субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 104 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 5024, 2017 жылғы 24 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2017 жылғы 23 мамырдағы № 58 (17453) "Дидар", 2017 жылғы 23 мамырдағы № 58 (19965) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін: көрсетілген қаулыға қосымшада:

реттік нөмірі 25-ші жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

25	YaraVitaRexolinD12 тыңайтқышы DTPA темір хелаты	Fe-11,6	килограмм	1744,5
	YaraVitaRexolinQ40 тыңайтқышы EDDHA темір хелаты	Fe-6	килограмм	

";

реттік нөмірі 166-шы мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

166	Фосфор-калийлі тыңайтқыштар	P-18, K-9	тонна	20 582,5
-----	-----------------------------	-----------	-------	----------

".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Д. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК